

Атбасар ауданы Ярославка ауылдық округінің көшелерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Атбасар ауданы Ярославка ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 5 қаңтарда № 6279 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып, Ақмола облыстық ономастика комиссиясы отырысының 2017 жылғы 24 қазандағы қорытындысы негізінде, Ярославка ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Атбасар ауданы Ярославка ауылдық округінің көшелері қайта аталсын:

1) Тимашевка ауылы бойынша:

Центральная көшесі Орталық көшесіне;

Приишимная көшесі Есіл көшесіне;

Луговая көшесі Жайлау көшесіне;

Мир көшесі Бейбітшілік көшесіне;

Пролетарская көшесі Достық көшесіне;

Новостроек көшесі Тәуелсіздік көшесіне.

2) Калиновка ауылы бойынша:

Трудовая көшесі Еңбек көшесіне;

Молодежная көшесі Жастар көшесіне;

Береговая көшесі Жағалау көшесіне.

3) Хрящевка ауылы бойынша:

Целинная көшесі Ынтымақ көшесіне;

Озерная көшесі Мәдениет көшесіне.

4) Родионовка ауылы бойынша:

Степная көшесі Сарыарқа көшесіне;

Садовая көшесі Саябақ көшесіне.

5) Магдалиновка ауылы бойынша:

Центральная көшесі Орталық көшесіне;

Новостроек көшесі Бірлік көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Атбасар ауданы
Ярославка ауылдық
округінің әкімінің
міндетін атқарушы*

Н.Шум

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ